

“Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез»

Абай

Қарым- қатынастық құзыреттілігі





“Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық”.

Төле би



Тыныштық сәті. Нұрға бөлену.

Ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ-қолыңызды айқастырмаңыз. Қолыңызды тізеңізге немесе үстелге қоюға болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін.

Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Балғын және таза әсем гүл сіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңыз бен тілек-қалауыңызды шайып, жүрегіңіздің қауызын ашты.

Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз нұр сәулесін шашуда. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарды. Олар нұр мен махаббат құралына айналды.

Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарады. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздер ғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз тек жақсы сөз бен әсем әуенді ғана естиді. Нұр көздерімізге де жетті, көзіміз тек жақсыға қарап, бәрінен жақсылықты ғана көреді. Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға тек ізгі, сәулелі ой келеді.

Нұр бірте-бірте қарқын және шұғылана бастайды, сіздің денеңізден шығып, жан-жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды уақытша түсініспей, ренжісіп жүрген адамдарға да бағыттаңыз, олардың да жүрегі нұрға толсын.

Осы нұр бүкіл әлемге: барлық адамдарға, жан-жануарларға, өсімдіктерге, барлық тірі жанға таралсын... Ғаламның барлық түпкір-түпкіріне нұр бағыттаңыз. Ойша айтыңыз: «Мен нұрлымын... Нұр менің ішімде... Мен Нұрмын».

Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз...

Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз.

Жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет.

Жұптық тапсырма

**Әріптесіңіздің жағымды жақтарын
сипаттап таныстырыңыз!!!**

*“Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да
ойла.»*

Абай

“Білгенге маржан,
білмеске арзан.»

Абай

Өзіңді тану



Ұжым мүшелерін
тану



Ұжымдағы
жағымды
қарым-
қатынас

Қырық бірінші сөз

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек.

Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не жырлап, не сырлап айтқанымен ешнәрсеге көндіру мүмкін емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтімен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма – осыдан басқа дүниеде еш қызық жоқ деп ойлайды, ойласа да бұрыла алмайды, сөз айтсаң түгел тыңдап тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап отырады. Енді не қылдық, не болдық!!!

“Тәртіпті ел құл болмайды»

Б.Момышұлы



Қарым-қатынас

“Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз.»

Абай

Ой
алмасу

Әзілдесу

Түсіну

**Қарым-
қатынас**

Сөйлесу

Қабылдау

Көмектесу

Бағалау


Мойындау

Жиырма үшінші сөз

Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш.

Оның қуанышы – елде бір жаманды тауып, я бір адамның жаманшылығы шықса, қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ау, оның қасында біз сәулелі кісі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін ба деп.

Енді жұбанышы – жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп ақ жүр гой: көппен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ болады да деген сөзді жұбаныш қылады.



Өзін-өзі реттеу моделі

Эмоциялық (көңіл-күйін
реттеу)

Когнитивті (танымдық,
тани білуге үйрену)



Әлеуметтік (әр түрлі
ортамен тіл табыса алу)

Ынталандырушылық (өзін-
өзі күштеп, реттеп отыру)

2 ұпай	3 ұпай	5 ұпай
Парақтың 3/1 бөлігіне салынған	Парақтың 2/1 бқлігіне салынған	Параққа толық салынған
1 түс пайдаланған	2-3 түсті пайдаланған	3-4 түсті пайдаланған
Пілдің 3-4 бөлшегі бейнеленген	Пілдің 5-6 бөлшегі бейнеленген	Пілдің 6-дан көп бөлшектері бейнеленген

“Ақырын жүріп анық бас
Еңбегің кетпес далаға
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.”

Абай

Жиырма төртінші сөз

Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қылып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ме екен? Әй не болсын! Бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма?

Жақсы адамдар

Әні мен сөзі: А. Оралов

Сендер аман болыңдар жақсы адамдар,
Жақсы адамдар – бұзылмас тас қамалдар.
Сендер жайлы шырқалар асқақ ән бар,
Жолы болсын ақ ниет бар адамдар!

Қайырмасы:

Жақсы адамдар, жақсы адамдар,
Сендер аман болыңдар жақсы адамдар.
Жақсы адамдар, жақсы адамдар,
Сендер аман болыңдар жақсы адамдар.
Жақсы адамдар.
Жақсы көрем сендерді жақсы адамдар,
Жүрегінде өйткені аппақ ар бар.
Сендер жайлы шырқалар асқақ ән бар,
Жолы болсын ақ ниет бар адамдар!

Қайырмасы:

Жақсы адамдар.
Сендер жайлы шырқалар асқақ ән бар,
Жолы болсын ақ ниет бар адамдар!
Сендер аман болыңдар жақсы адамдар,
Қарап өтсін сендерге басқа жандар.

Қайырмасы:

Жақсы адамдар, жақсы адамдар
Қарап өтсін сендерге басқа жандар
Жақсы адамдар, жақсы адамдар
Қарап өтсін сендерге басқа жандар
Жақсы адамдар.
Жақсы адамдар, жақсы адамдар,
Сендер аман болыңдар жақсы адамдар.
Жақсы адамдар, жақсы адамдар,
Сендер аман болыңдар жақсы адамдар